

**Өзін-өзі бағалау бойынша талдамалық анықтама
«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша
білім бөлімінің Көкшетау қаласының Сәкен Жүнісов атындағы № 18
мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемес**

Көкшетау қаласы
2025-2026 оқу жылы

Көкшетау қаласының
білім бөлімінің Саен Жүнісов атындағы
№ 18 мектеп-лицейі
коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
020000, Көкшетау, Саина көшесі, 24 а
Тел., факс 8(7162)770889

Коммунальное
Государственное учреждение
школа-лицей № 18 имени
Саена Жунусова
отдела образования
г. Кокшетау
020000, Кокшетау, ул. Саина, 24 а
Тел., факс 8(7162)770889

БҰЙРЫҚ
« 28 » 05 2026 ж.
Көкшетау қ.

ПРИКАЗ
№ 305
г. Кокшетау

Өзін-өзі бағалау туралы

"Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің ММ-нің 2023 жылғы 23 қаңтардағы № 04-147 хаты және «ҚР Оқу-ағарту Министірлігі білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті» РММ-нің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

- 2026 жылғы 1-22 маусым аралығында қызметтің негізгі бағыттары бойынша мектептің өзін-өзі бағалауы жүргізілсін.
- Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі құрамында комиссия құрылсын;
Б.В.Сарсембаева – комиссия төрайымы, мектеп директоры;
Л.Д.Кабенова – комиссия төрайымының орынбасары, ОТЖ жөніндегі орынбасары;
Б.Д. Сатпаева – комиссия төрайымының орынбасары, ОТЖ жөніндегі орынбасары;
У.Е.Кайыржанов – комиссия төрайымының орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Е.Ф.Абилова – директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары;
Д.Т.Куликов – ғылыми – әдістемелік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары;
Г.Ш.Абуталипова – бас есепші;
Абылайқызы А. – кітапхана меңгерушісі;
А.Д.Ташибаева – іс жүргізуші;
Ж.Ж.Нурмуқанова – комиссия мүшесі, гуманитарлық цикл ӘБ-нің жетекшісі;
С.А.Калиева - комиссия мүшесі, гуманитарлық цикл ӘБ-нің жетекшісі;
Д.К.Айтбаева - комиссия мүшесі, жаратылыстану-математикалық цикл ӘБ-нің жетекшісі;
Т.Н.Ташикова – комиссия мүшесі, бастауыш сынып ӘБ-нің жетекшісі;
Ж.Б.Шегирова – педагог – психолог;
- Өзін-өзі бағалау барысында мектептегі педагогикалық үлерістің сапасы мен тиімділігін сараптамалық бағалау нәтижелері өзін-өзі бағалау

материалдарында көрсетілсін және 2026 жылғы 30 маусымға дейін Ақмола облысының білім саласындағы бақылау Департаментіне ұсынылсын.

4. Бұйрықтың орындалуына жауапкершілік комиссия төрайымының орынбасарлары Л.Д. Кабеноваға, Б.Д. Сатпаеваға, У.Е.Кайыржановқа, Е.Ф.Абиловаға жүктелсін.

5. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор




Б.В. Сарсембаева

Бұйрықпен таныстым:

Л.Д. Кабенова	
Б.Д. Сатпаева	
У.Е.Кайыржанов	
Е.Ф.Абилова	
Д.Т. Куликов	
Г.Ш. Абуталипова	
А.Абылайқызы	
А.Д.Ташибаева	
Ж.Ж.Нурмуканова	
С.А.Калиева	
Д.К.Айтбаева	
Т.Н.Ташикова	
Ж.Б.Шегирова	

Орынд: А.М.Бижанова



Лицензия

19.05.2025 ж.

№ KZ18LAM00003464

Берілген

"Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының Сәкен Жүнісов атындағы № 18 мектеп - лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 970240002529

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі шетелдік заңды тұлғаның филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі – заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда / жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі)

Іс айналысуымен

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру - сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметі

(«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің атауы)

Ерекше шарттары

-

(«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес)

Ескерту

Иеліктен шығарылмайтын, 1 сынып

(иеліктен шығару, рұқсат сыныбы)

Лицензиар

"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесі

(лицензиардың толық атауы)

Берілген орны

КӨКШЕТАУ Қ.

Басшы
(уәкілетті тұлға)


Каппасов Орал Кабиевич


(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))


Алғашқы
берілген күні

16.05.2015 ж.

Лицензияның қолдану
кезеңі







**Білім беру қызметімен айналысуға арналған
лицензияға қосымша**

Лицензия нөмірі KZ18LAM00003464
Лицензия берілген күні 2025 жылғы 19 мамыр

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері)

(«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызметтің кіші түрінің атауы)

- Орта білім беру

№	Код/мамандық	Білім беру деңгейі / мамандық / кадр даярлау бағыты	Білім алу нысаны	Қолдану мерзімі
		Негізгі орта білім беру		
		Жалпы орта білім беру		
		Бастауыш білім беру		

Беру үшін негіз

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2025 жылғы 19 мамырдағы №17-11-01-08/364 бұйрығы.

(лицензиардың лицензияны беру туралы бұйрығының нөмірі және күні)

Лицензиат

"Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының Сәкен Жүнісов атындағы № 18 мектеп - лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

020000, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, КӨКШЕТАУ Қ.Ә., КӨКШЕТАУ Қ., Жұмағали Саин көшесі, № 24А үй, БСН/ЖСН: 970240002529

(заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Лицензиат

020000. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, КӨКШЕТАУ Қ.Ә., КӨКШЕТАУ Қ., Жұмағали Саин көшесі, № 24А үй

(білім беру қызметінің кіші түрлерін жүзеге асыратын білім беру ұйымы объектісінің нақты орналасқан жері)

Лицензиар

"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесі

(лицензияға қосымшаны берген органның толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға)

Каппасов Орал Кабиевич



(басшының уәкілетті тұлғаның) Т.А.Ә.)

Қосымшаның нөмірі


001

Берілген орны

КӨКШЕТАУ Қ.

Қосымшаның берілген күні

2025 жылғы 19 мамыр



**«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейі»
КММ білім беру қызметін өзін-өзі бағалау**

Анықтамасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» және «Білім ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу» әдістемелік ұсынымдары негізінде мектепте өзін-өзі бағалау өткізіліп, аналитикалық анықтама құрастырылды.

Мектептің білім беру қызметін өзін-өзі бағалау 2026 ж. 28.05. №305 бұйрығымен бекітілген мектепшілік комиссиясы өткізді.

Комиссия құрамында:

Комиссия төрағасы: Сәрсембаева Б.В. – мектеп директоры

Комиссия мүшелері: Куликов Д.Т. – ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары

Кабенова Л.Д. – оқу ісінің меңгерушісі

Бельгибаева Д.О. – оқу ісінің меңгерушісі

Сатпаева Б.Д. – оқу ісінің меңгерушісі

Қайыржанов Ұ.Е. – тәрбие ісінің меңгерушісі

Абилова Е.Ф. – әкімшілік-шаруашылық жөніндегі директордың орынбасарының м.а.

Абуталипова Ғ.Ш. – бас есепші

Абуталипова Г.Ш. – кітапхана меңгерушісі

Ташибаева А.Д. – іс жүргізуші

Нурмуқанова Ж.Ж. – қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ жетекшісі

Калиева С.А. – орыс тілі мен әдебиеті ӘБ жетекшісі

Айтбаева Д.К. – математика, физика, информатика ӘБ жетекшісі

Ташикова Т.Н. – бастауыш сынып ӘБ жетекшісі

Шегирова Ж.Б. – педагог-психолог

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.**2025-2026 оқу жылының Сәкен Жүнісов атындағы № 18 мектеп- лицейінің
төлқұжаты**

Атауы	Сипаттамасы
Мектеп атауы	Ақмола облысы білім басқармасының, Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі, Көкшетау қаласының «Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп – лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Оқыту тілі	Қазақ
Типі	Мектеп-лицейі
Бейіні	жаратылыстану- математика қоғамдық- гуманитарлық
Базалық төлемақысы, айына	375,0
Салынған жылы	1987
Лицензия нөмері	19.05.2025 жыл № KZ18LAM00003464
Қосымша жабдықталуы	Ғимарат саны - 2 (оқу ғимараты); Типтік ғимарат; Қабаттылық-3; Жалпы ауданы-10530,5 ш. м. Оқу кабинеттерінің саны – 68; Спорт залы-2; Жылыту жүйесі-орталықтандырылған, сумен жабдықтау, кәріз – орталықтандырылған; Жаңа модификациядағы 9 кабинет (химия, биология, физика, қыздарға арналған еңбек, ұлдарға, математика, тарих, география, қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті кабинеті) 21 дана интербелсенді тақта
Телефон	8 (7162) 77-08-89
Мектеп сайты, электрондық поштасы	http://sc0016.kokshetau.akmoedu.kz/ shshkola18kaz@yandex.kz
Мекен-жайы	Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ж.Саин көшесі, 24 А

I. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі. *(бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);*

Мектепті басқару стратегиялық және ағымды жоспарлау арқылы жүзеге асады. Жыл сайын педагогикалық ұжымның қызметі, барлық бағыттағы оқу-тәрбие процесі толық талданады. Жүзеге асқан міндеттер талданып, келесі оқу жылына мақсат пен міндеттер белгіленеді.

Мектепте барлық бағыттағы оқу-тәрбие жұмысының жалпы жоспары құрастырылады және құрылымдық бөлімшелердің жеке жоспарлары бар. Оқу-тәрбие жұмыс жоспары тараулар бойынша құрылған:

1 тарау- мектеп туралы анықтама, өткен оқу жылының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының сараптамасы көрсетілген.

2 тарау- оқу-тәрбие жоспары, мектепшілік бақылау жоспары.

3 тарау- қосымшалар (педагогикалық кеңес жоспары, директор жанындағы отырыс жоспары, әдістемелік кеңес жоспары, «Шапағат жолы» қамқоршылық кеңес жоспары, педагог қызметкерлерді аттестаттаудың жұмыс жоспары).

II. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. *(бағаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі)*

Мектептің жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен 1-4 сыныптыры (11 қосымша), 1-4 арнайы сыныптары (4 қосымша), үйде оқыту – 2, 4 сыныптар (4 қосымша), 5-9 сыныптары (16 қосымша), 5-9 лицей сыныптары (19 қосымша), 5-9 арнайы сыныптары (9 қосымша), үйде оқыту 8 сынып және 11 сынып (59 қосымша), 10-11 сыныптары (21, 22, 27 қосымша) негізінде құрылған.

2023-2024 оқу жылының 1 және 2 ауысым сабақтарының кестесін мектеп директоры бекітті.

Сабақ кестесі «Білім беру объектілеріне қойлатын санитарлық–эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығындағы санитарлық ережелерінің талаптарына сәйкес, оқушылардың ақыл-ойының жұмысқа қабілеттілік динамикасы ескеріле отыра, құрылған. Санитарлық ереженің 73 пунктінә сәйкес, қиындық бойынша пәндердің ранжирлау кестесі дұрыс пайдаланылады.

Санитарлық ереженің 74 пунктін орындалады: мектеп-лицейінің сабақ кестесі факультативті сабақтардан бөлек құрылады. Үйірме сабақтары қосымша кестеге сәйкес сабақтан тыс уақытта жүргізіледі және үйірме жұмысы есеп журналында белгіленеді.

Қоңырау кестесі санитарлық ереженің 75 пунктінә сәйкес құрылған.

III. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары және инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Барлық оқу пәндері бойынша бағдарламалардың инвариативті бөлімі орындалады. Жазбаша, практикалық және лабораторлық жұмыстар күнтізбелік жоспарға сәйкес өткізіледі. 01.09.2025 ж.-31.05.2026 ж. аралығында «bilimclass.kz» электронды журналынан мәлімет алынды. Нәтижесінде, тақырыптың толтырылуы 100%, журналдың жүргізілуі -100%, бағалар қойылған журналдар саны - 100%, үй тапсырмасының уақытылы толтырылуы – 100% көрсетті. «bilimclass.kz» электронды журналы уақытылы жүргізілетіндігі анықталды.

IV. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру. *(бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)*

Тәрбие үрдісі Қазақстан Республикасы Білім беру ұйымдарында реттейтін төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарды негізге ала отырып ұйымдастырылды.

2025–2026 оқу жылынан бастап бұл бағдарлама «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы (ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123) (бұдан әрі – Бағдарлама) деп аталатын болады. Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады.

Бағдарлама мақсаты – «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру.

МАҚСАТЫ: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

МІНДЕТТЕРІ:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;

- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Білім беру ұйымдарында оқушылардың психологиялық қауіпсіздігі мен әлауқатын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуалды қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТОПТАМАСЫ:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ:

- «ҚАМҚОР» - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «SMART BALA» - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «ШАБЫТ» - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР

- Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (10.08.1845 – 1904);
- Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (15.11.1915-02.11.1973);
- Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (21.11.1885-05.10.1935);
- Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғалы Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (24.11.1895-05.03.1983);
- Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835-1865);
- Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910-10.06.1982);

- Халық поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846-1945);
- Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл (25.03.1866-1937);
- Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (29.04.1906-1968).

ТӘРБИЕНІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығына ;
- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі);
- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;
- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;
- «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;
- «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;
- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін

міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы;

- «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

Ү. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.
(бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі)

БАҒДАРЛАМА ТӨЛҚҰЖАТЫ

ҚР Оқу- ағарту Министрлігінің 30.07. 2024 ж. № 194 бұйрығы негізінде 2025-2026 оқу жылына жылдық жоспар бекітілді.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none">1. Мектептің тәрбие қызметі үш салада жүзеге асады: оқыту барысында, сабақтан тыс, мектептен тыс қызметте.2.1 тоқсан бойынша сынып сағаттарының жүйелі болуы.3.Қауіпсіздік сабақтарының 10 минутқа кіріктілуі.4. Апта дәйек сөздерінің іске асырылуы.5.Мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылу жұмыстары тиянақты жұмыс атқаруы.6.Тәрбие жоспарына сәйкес іс-шаралардың өткізілуі.7. «Балалар кітапханасы жобасы»8. «Медиа» жобалар жұмысы9. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы	<ol style="list-style-type: none">1. Кейбір мұғалімдердің кезекшілікке жауапсыздық танытуы.2.Жоба жұмыстарының әлсіздігі.3. Әлеуметтік көмек көрсетуші демеушілердің тапшылығы.4. Оқушылардың сабаққа кешігіп келуі және себепсіз қалуы.5. Сынып жетекшілердің график бойынша берілген тапсырмаға немқұрайлы қарауы. Берілген жоба жұмыстарын жүйелі жүргізбеуі.6. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы атап айтсақ<ul style="list-style-type: none">- апталыққа- шебер сыныптарға- тәрбие сағаттарына- мерекелік іс-шараға7. Оқушылар арасында құқықбұзушылық8. Сынып жетекшілер мен оқушылар арасындағы жұмысы9. Білім клас сынып сағатының тақырыбы, 1-8 ЖЖЕ, қауіпсіздік сабақтарының атау толтырылмауы.
<p>Мүмкіндіктер</p> <ol style="list-style-type: none">1.Мектебімізде өзін-өзі басқару, мектеп парламент ұйымдарының құрылып, тиянақты жұмыс атқаруы.2.Мектебіміздегі білім алушылардың отбасы тұрақтылығы, әлеуметтік жағдайының жақсаруы.4. Дарынды оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу, өзін-өзі таныту, дамыту үшін қолайлы жағдай.5.Сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігінің артуы.	<p>Қауіпті</p> <ol style="list-style-type: none">1.Ғаламтор желісінен келетін қауіптер.2.Көпшілік оқушылардың бойындағы енжарлық, ұялы телефонға тәуелділік.3.Кейбір оқушылардың сабақтан себепсіз қалуы;4.Сынып жетекші мен ата-ана тарапынан қадағалаудың жоқтығы.5.Кибербуллинг пен буллингтің алдын алу

Кіріспе (жалпы талдау)

2025-2026 оқу жылының I жартыжылдығында мектептің тәрбие жұмысы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылды және құрылды. Жаңартылған жоспарға сәйкес, барлық педагогтар оқушыларға ұлттық кодты сіңіре отырып, бағдарлама құндылықтарының сабақ мазмұнына үйлесімді интеграциялануын қамтамасыз етуге ұмтылды (пәнаралық және ішкі байланыстарды қамтамасыз ету арқылы, сондай-ақ тиісті мәтіндерді, тапсырмалар мен міндеттерді таңдау арқылы).

Осы кезеңде мектептің патриоттық тәрбиесімен байланысты іс-шараларға ерекше назар аударылды, өткен оқу жылының соңында қойылған міндеттерді кешенді шешу үшін тәрбие жұмысының жоспарына өзгерістер енгізілді: міндеттер, мақсаттар мен құндылықтар қайта тұжырымдалды; балалармен жұмыс істеудің тиімді нысандары таңдалды; Әлеуметтік және медиа жобалар түзетілді; бағдарламаға кіретін жобалар бойынша жоспарлар жасалды; ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы үйлестірілді.

Білім алушылардың құндылықтарын дамыту мектептің оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі түрде жүзеге асырылды. I жартыжылдықта оқушылардың белсенділігі мен ынтасын арттыру мақсатында түрлі тәрбие іс-шаралары ұйымдастырылды: рейдтік кезекшілік, мүдделі мемлекеттік органдармен кездесулер; түрлі ұлттық ойындар, зияткерлік конкурстар; флешмобтарға, челленджерге және онлайн бейне-конкурстарға қатысу; пікірсайыс клубының белсенді жұмысы жүргізілді. Өз кезегінде мектептің педагогикалық құрамы үшін «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының 6 құндылығын дәріптеу және ұтымды қолдану мақсатында сынып жетекшілерімен семинарлар, ҚМ отырыстары, түсіндіру жұмыстары өткізілді.

I жартыжылдықта ұсынымдарға сәйкес тәрбие процесін жоспарлау әр айдың тақырыптық бағыттары бойынша жүзеге асырылды: Қыркүйек – Еңбекқорлық пен кәсіпқойлық айы; Қазан – Тәуелсіздік пен патриотизм айы; Қараша – Әділдік пен жауапкершілік айы; Желтоқсан – Бірлік пен ынтымақтастық айы.

Оқу-тәрбие процесінде білім алушыларда құндылықтарды қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтыды. Күн сайын: "Ұлттық ойын – ұлт қазынасы" (Үзілістер кезіндегі ұлттық ойындар); "Өнегелі 15 минут" (ата-аналармен өзекті адамгершілік тақырыптарында әңгімелесу); "Үнемді тұтыну" (табиғатқа ұқыпты қарау туралы түрлі жадынамалар); "Күй күмбірі" (қоңыраудың күйлер арқылы дыбысталуы). Апта сайын: "Менің Қазақстаным (ҚР Әнұранын орындау), "Аптаның дәйексөзі" (мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың сөздері)," Қауіпсіздік

сабағы " (білім алушылардың жеке қауіпсіздігін сақтау туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут).

Қорытынды

2025-2026 оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстар мектеп оқушыларының тәрбие деңгейін арттыруға ықпал етті. Тәрбиелік іс-шаралар балалардың рухани, әлеуметтік, патриоттық, мәдени дамуына ықпал етіп, олардың тәртібі мен белсенділігіне оң әсерін тигізді. Төртінші тоқсанға бағытталған жоспарлар мен мақсаттар бекітілді. Биылғы оқу жылының ерекшелігінің бірі «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» қысқа мерзімді сабақ жоспарларына кіріктіру деп шешілген. Сол себепті күнделікті қысқа мерзімді жоспарына №1 педагогикалық кеңестің шешімімен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарының жүзеге асырылуы енгізілді. Әр педагог сабақтарына құндылықтарды кіріктірді. Мысалы, сабақты өсиетті сөздермен бастаса, сабақ ортасында басқа да құндылықтар аясында әр түрлі әдістер арқылы енгізді. Сабақ соңында құндылықтар тұрғысында бекітіп, сабақтарын жүйелі өткізді.

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, мектептен тыс ұйымдардың қызметі туралы Ережеге (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы маусымдағы №849 қаулысы), осы Қағидаларға 2023-2024 жылдарға арналған каникул кезеңінде балалардың сауықтырылу демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы 2020 жылғы 14 қаңтардағы №1 өкімге сәйкес спорттық үйірмелер бөлінді. Бекітілген үйірмелердің басты мақсаты, оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру. Үйірмелер кестеге сәйкес уақытында жүргізіліп жатыр. Үйірмелердің жүйелі өтуінің нәтижесінде қала деңгейінде жетістіктер толассыз болып, облыстық деңгейде де өнер көрсетті.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МЕКТЕПШІЛІК ҮЙІРМЕЛЕР МЕН СПОРТТЫҚ СЕКЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСЫМЫ

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

Үйірмелерге қатысым				Спорттық секцияларға қатысым		
Жалпы саны	оқушы	Қамтылғаны	%	Жалпы саны	Қамтылғаны	%
1310		813 оқушы	62 %	1310	155 оқушы	12

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЛАЛЫҚ ҮЙІРМЕЛЕР МЕН СПОРТТЫҚ
СЕЦИЯЛАРҒА**

ҚАТЫСЫМЫ

№			Спорт бағытында		Мәдениет бағытында	
			тегін	ақылы	тегін	ақылы
1	Бастауыш буын	176	53	43	55	25
2	Орта буын	137	67	23	32	15
3	Жоғарғы буын	178	63	86	15	14
	Барлығы	491	183	152	102	54

**Үйірме/ секцияға қатысушылардың конкурстарға, жарыстарға, слеттерге,
конференцияларға, қатысу туралы мәлімет.
2025-2026 оқу жылы.**

№	Қатысушының аты-жөні	Байқау атауы	Денгейі, уақыты	Нәтижесі	Жетекшісі
1	Брімжан Темірлан	Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы «ЖАСТАР» Спартакиадасы бағдарламасындағы шаңғы жарыстары бойыша жалпы есептік облыстық жарыс	Облыстық	II орын	Мукашев Е.Б.
2	Серікбай Гаухар	Жалпы орта білім беретін мектептерінің 9-11 сынып оқушылары арасында қалалық спартакиада аясында «Үстел теннисі» ойынында	Қалалық	II орын	Турлыбаева А.С
3	«Жас тұлпар» командасы	«Ұшқыр ой алаңы» жобасын іске асыру аясында жалпы білі беретін ұйымдарының бастауыш сынып оқушылары арасында «Біз болашақтың шамшырағымыз»	Қалалық	I орын	Кадырова М.А, Увалиева М.К, Мукушева А.Р, Мукушева Р.Н

		атты интеллектуалды ойыны			
4	Самигатова Даяна	Көкшетау қаласының білім беретін ұйымдарының оқушылары арасында «Намыс» спартакиада аясында «Мерген» пневматикалық винтовкасынан тізерлеп тұрып ату	Қалалық	II орын	Бейсембаев Ж.К
5	Брімжан Темірлан	Жалпы білім беретін мектептерінің құрама командаларының арасында қалалық спартакиада аясында шаңғымен эстафета жарысы	Қалалық	III орын	Мукашев Е.Б.
6	Брімжан Алихан	Жалпы білім беретін мектептерінің құрама командаларының арасында қалалық спартакиада аясында шаңғымен эстафета жарысы	Қалалық	III орын	Мукашев Е.Б.
7	Брімжан Нариман	Жалпы білім беретін мектептерінің құрама командаларының арасында қалалық спартакиада аясында шаңғымен эстафета жарысы	Қалалық	III орын	Мукашев Е.Б.
8	Брімжан Нариман	2009-2010 жылы туған мектеп оқушылары арасында қалалық «ЖАСТАР» Спартакиадасы бағдарламасындағы қысқы Президенттік көпсайыс бойынша жалпы есепте	Қалалық	II орын	Мукашев Е.Б.
9	С. Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицей командасы	«Өз ойыны: тарихтан қауіпсіздікке дейін» жас жол инспекторлары жасақтары арасында өткен байқау	Қалалық	I дәрежелі	Искендірова М.Б

10	Сапиева Амина	«Қыз ғұмырдың құпиялары» Көкшетау қаласының барлық білім ордаларының қыздары арасындағы байқау	Қалалық	I орын	Әбілханқызы А.
11	Сері Нұрайым	«Ақтоқты ару» қыз сыны байқауы	Қалалық	Бас жүлде	Искендинова М.Б
12	Досан Сабира	Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған қалалық «Әншуақ» балалар ән фестивалі	Қалалық	I орын	Азенова Д.А
13	С.Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейі командасы	Наурыз мерекесіне орай жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушылары арасындағы жарыс	Қалалық	I орын	Шокаев Е.К
14	С.Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейі командасы	Құрылыс-техникалық колледжінде өткен қалалық волейбол турнирі	Қалалық	I орын	Шокаев Е.К
15	С.Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейі командасы	Жол қозғалысы жас инспекторларының 26-шы қалалық слетінің «Үгіт бригада» байқауы	Қалалық	I орын	Искендинова М.Б
16	С.Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейі ЖҚИ жасағы	Жол қозғалысы жас инспекторларының 26-шы қалалық слеті	Қалалық	III орын	Искендинова М.Б
17	Асматулаев Жасур	Жол қозғалысы жас инспекторларының 26-шы қалалық слетінің «Эрудиттер турнирі» байқауы	Қалалық	«Үздік эрудит»	Искендинова М.Б
18	Белгібай Әділхан	Көкшетау қалалық оқушылар арасындағы бейнелеу өнерінен XXVI олимпиадасы	Қалалық	III орын	Оңғарбай Ш
19	Ақан Асем	Көкшетау қалалық оқушылар арасындағы бейнелеу өнерінен XXVI олимпиадасы	Қалалық	II орын	Бакбергенова Н.Б

20	С.Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейі	Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Бір шаңырақ астында» қалалық онлайн кинофестивалі	Қалалық	«Үздік режиссура» номинациясы	Искендинова М.Б., Шокаева С.Г
21	С.Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейі	Волейбол ойынынан республикалық лига	Республикалық	ІІІ орын	Шокаев Е.К
22	№18 шекаралар командасы	5510 әскери бөлімінің базасында өткен «Жас Бүркіт-2026» әскери-патриоттық жиыны	Қалалық	І орын	Бейсембаев Ж.К

Жалпы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының нәтижесінде, рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамытып, қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасы қалыптасты.

Ұсыныстар:

- Оқушылардың құқықтық және экологиялық білімдерін арттыруды жалғастыру;
- Әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалармен жұмысты күшейту;
- Тәртіп мәселелерін бақылауды және жеке оқушылармен жұмысты жалғастыру;
- Бағдарлама аясында берілген жобалар бойынша іс-шараларды өткізіп, талдау жасау;
- Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасауды жалғастыру;
- Бағдарлама бойынша мұғалімдер арасында тәжірибемен бөлісу жұмыстарын жүргізу.

Тәрбие орынбасарының 2025-2026 оқу жылына «SWOT» талдауы

1. Күшті жақтар (Strengths):

- Белсенділік пен қолдау: Мектеп ұжымы мен сынып жетекшілері тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысып, қолдау көрсетті.
 - Жоғары қатысу деңгейі: Іс-шараларға оқушылардың көпшілігі қатысты, бұл тәрбиелік шараларға деген қызығушылықты арттырды.
 - Әртүрлі бағыттағы іс-шаралар: Отансүйгіштік, құқықтық, эстетикалық, экологиялық және салауатты өмір салтына қатысты әртүрлі шаралар өткізілді, бұл оқушылардың жан-жақты дамуына әсер етті.
 - Әлеуметтік қолдау жұмысы: Әлеуметтік жағдайы төмен және ерекше қолдауды қажет ететін оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, мектеп психологының қолдауы қамтамасыз етілді.

2. Әлсіз жақтар (Weaknesses):

- Құқықтық тәрбиенің жеткіліксіздігі: Кейбір сыныптарда құқықтық тәрбие тақырыбына қызығушылықтың төмен болуы байқалды.
 - Ата-аналармен байланыстың жеткіліксіздігі: Кейбір іс-шараларға ата-

аналар тарапынан белсенді қолдау болмады.

- Уақыт тапшылығы: Оқу бағдарламасының тығыздығына байланысты кейбір тәрбие жұмыстарына уақыт жетіспеушілігі болды.
- Материалдық ресурстардың шектеулілігі: Кейбір іс-шаралар өткізу үшін қажетті ресурстар мен жабдықтардың жетіспеушілігі байқалды.

3. Мүмкіндіктер (Opportunities):

- Ата-аналар қауымдастығын жұмылдыру: Ата-аналарды тәрбие жұмысына белсенді қатыстыру арқылы оқушылардың тәрбие деңгейін арттыруға болады.
- Жергілікті қауымдастық пен серіктестік: Құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау мекемелері және мәдени орталықтармен серіктесіп, оқушыларға тәрбие жұмысын күшейту мүмкіндігі бар.
- Психологиялық және әлеуметтік қолдау: Психологтар мен әлеуметтік педагогтардың қолдауымен балалардың эмоционалдық және әлеуметтік жағдайын жақсарту мүмкіндігі жоғары.
- Технологияларды қолдану: Қашықтан оқыту құралдарын пайдаланып, онлайн тәрбие сағаттары мен тренингтер өткізу арқылы оқушыларға жаңа мүмкіндіктер ұсыну.

4. Қауіп-қатерлер (Threats):

- Тәртіп мәселелері: Кейбір оқушылардың тәртібі төмен, бұл тәрбие жұмысына кері әсерін тигізуі мүмкін.
- Психологиялық және эмоционалдық мәселелер: Оқушылардың кейбірінің психологиялық жай-күйі мен әлеуметтік мәселелері тәрбие жұмысына кері әсер етуі мүмкін.
- Материалдық қолдаудың аздығы: Тәрбиелік іс-шараларға қажетті материалдық қолдаудың жеткіліксіздігі тәрбие жұмысының сапасына ықпал етуі мүмкін.
- Мектептен тыс факторлар: Оқушылардың сыртқы орта әсерінен кері әсер алу қаупі бар, бұл олардың тәртібіне, ынтасына теріс ықпал етуі мүмкін.

Қорытынды және ұсыныстар

Жалпы қорытынды:

SWOT талдау нәтижесінде мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттары анықталды. I жартыжылдық бойынша тәрбие іс-шаралары жоспарға сай жүргізіліп, жоғары нәтижелерге қол жеткізілді. Дегенмен, құқықтық тәрбиені нығайту, ата-аналармен байланысты арттыру және материалдық қолдауды күшейту маңызды болып табылады.

Ұсыныстар:

1. Құқықтық тәрбие бойынша іс-шараларды көбейту және оқушылардың қызығушылығын арттыру әдістерін қолдану.
2. Ата-аналармен байланысты күшейту және оларды тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатыстыру.
3. Жергілікті серіктестерді жұмылдырып, балаларға психологиялық және әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету.

ҮІ. білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі).

Мектептің 10-11 сыныптарының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен және 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен 21, 22, 27 қосымшасына сәйкес бейінді оқыту іске асырылады:

10А, 10Ә, 11А, 11Ә сыныптары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жаңартылған мазмұнның типтік оқу жоспары төмендетілген оқу жүктемесі бойынша жүргізіледі. Тереңдетілген деңгей – физика-география, стандартты деңгей – дүниежүзі тарихы, кәсіпкерлік және бизнес негіздері.

10Б, 11Б сыныбы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жаңартылған мазмұнның типтік оқу жоспары төмендетілген оқу жүктемесі бойынша жүргізіледі. Тереңдетілген деңгей химия-биология, стандартты деңгей – дүние тарихы, кәсіпкерлік және бизнес негіздері.

ҮІІ. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі).

2025-2026 оқу жылында жеке тәсілмен және бейімделген бағдарлама (инклюзив сынып) бойынша оқытылатын 14 оқушы бар:

1. Еркін Әл-Әзиз, № 795 25.04.2024 ж. легкие нарушения интеллекта
2. Сабыр Айбат, №777 23.04.2024 ж. Нарушение общения и социального взаимодействия. Умеренные нарушения интеллекта
3. Нұржан Алижан, № 101000091148369 10.12.2024 г. ЗПР несформированность чтения и письма
4. Екпін Әдемай № 101000077999082 01.10.2024 ж.ЗПР
5. Мұрат Асанәлі, № 1830 25.08.2023 ж. ЗПР
6. Кеңес Бексұлтан, № 780 23.04.2024 ж. ЗПР
7. Сералинов Нұрдаулет, № 636 23.04.2024 ж. ЗПР
8. Ауез Санжар, № 10100008931666 19.11.2024 ЗПР
9. Каримжанов Мансұр, № 101000155267142 14.08.2025 ЗПР
- 10.Базарбай Аян, №101000147312848 15.08.25 ЗПР Смешанная дисграфия
- 11.Данияров Ислам, № 101000121466824 09.04.2025 ЗПР Нерезко выраженное общее недоразвитие речи
- 12.Серік Ерали, №101000121497056 09.04.2025 ЗПР.ОНР 2 уровень
- 13.Төлебай Нарұл, №1010001511017910 ЗПР ОНР 2-3 уровень
- 14.Рангулов Тамерлан, Нарушение поведения. №1834 25.08.2023 ЗПР

Үйде оқытуда ПМПК қорытындысымен 1 оқушы: Ерік Мөлдір 7 «Е», 29.08.2024 ж қорытындыға сәйкес психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы бағдарлама бойынша оқытылады. Медициналық диагнозы: ЗПР локализованная идиопатическая эпилепсия №539, 14.08.2024г.

Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы бағдарлама бойынша оқытуда арнайы б сынып бар.

Әр оқушыға диагнозына сәйкес оқу бағдарламалары құрастырылып, ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылды.

ҮІІІ. ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру *(бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі).*

Мектепте вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы сәйкес іске асырылады.

Осы өлшем бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған үлгілік оқу жоспары бойынша вариативтік компонент сағаттары бөлінген.

Таңдау бойынша курсынан 1а,ә,б,в,г сыныптарында «Қызықты математика әлемі» - 5 сағат, 2 а,ә,б,в,г сыныбында «Математика әлемі» - 2 сағат, «Оқу сауаттылығы»- 5 сағат, 3а,ә,б,в,г сыныптарында «Математика және логика » - 5 сағат, 4а,ә,б,в,г сыныптарында «Математикалық сауаттылық»-5 сағат. Дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен 1 а,ә,б,в,г- сыныптарында «Ұлттық ойындар»-5 сағат, 2 а,ә,б,в,г,д сыныптарында «Бірғақты гимнастика»- 5 сағат, 3а,ә,б,в,г сыныптарында «Шахмат әліппесі»-5 сағат, 4а,ә,б,в,г сыныптарында «Шахмат әлемі»- 5 сағат жүргізіледі.

5 а,ә,б,в,г сыныптарында «Жахандық құзыреттілік»-1 сағат, 5 а,ә,в,г,д дене шынықтыру: «Спорттық ойындар»-5 сағат.

6 а,ә,б,в,г, сыныптарында «Жахандық құзыреттілік» -5 сағат, 6 а,ә,б,в,г дене шынықтыру: «Спорттық ойындар»-5 сағат.

7 а,ә,в,г,д - сыныптарда «Жахандық құзыреттілік»-3,5 сағат,

7 а,ә,в,г,д дене шынықтыру: «Спорттық ойындар»-3,5 сағат,

8 а,ә,б,в,г- сыныптарында «Жахандық құзыреттілік»-3,5 сағат, 8 а,ә,б,г, дене шынықтыру: «Спорттық ойындар»- 5 сағат.

9 а,ә,б,в,г- сыныптарында «Жахандық құзыреттілік»- 5 сағат, 9 а,ә,б,в,г дене шынықтыру: «Спорттық ойындар»-5 сағат.

10 а сыныбында «Жахандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау пәндері: Қазақстан тарихы- 1 сағат, қазақ тілі-1 сағат, АӘД -1 сағат) - 3 сағат. Элективті курстар есебінен «Python бағдарламалау тілінде графикалық суреттерді қарастыру» -1 сағат.

10 ә «Жахандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау пәндері: Қазақстан тарихы-1 сағат, қазақ тілі-1 сағат, АӘД -1 сағат) - 3 сағат. Элективті курстар есебінен «Python бағдарламалау тілінде графикалық суреттерді қарастыру» -1 сағат.

10 б сыныбында «Жахандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау пәндері: Қазақстан тарихы- 2 сағат, қазақ тілі-1 сағат, АӘД -1 сағат) - 4 сағат. Элективті курстар есебінен «Python бағдарламалау тілінде графикалық суреттерді қарастыру» -1 сағат.

11 а «Жаһандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау пәндері: Қазақстан тарихы (1 сағат), қазақ тілі (1 сағат), геометрия - 3 сағат.

11 ә «Жаһандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау пәндері: Қазақстан тарихы (1 сағат), қазақ тілі (1 сағат), геометрия - 3 сағат.

11 б «Жаһандық құзыреттілік» - 1 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен «Спорттық ойындар»-1 сағат, инварианттық компоненттен таңдау пәндері: Қазақстан тарихы- (2 сағат), геометрия (1 сағат) қазақ тілі (1 сағат) - 4 сағат.

Педагогикалық ұжымның білім беру үдерісін жақсартуға бағытталған қызметі.

Мектеп қызметінің басты көрсеткіші оқушылардың жетістіктері болып табылады. Материалды меңгеру нәтижелерін қадағалап отыру мақсатында пәндер бойынша тақырыптық қорытынды және бақылау жұмыстары жүргізілді. Бақылау жұмыстарына талдау жүргізіле отыра, оқу үлгерімінің орташа көрсеткіштері жалпы тұрақты және рұқсат етілген деңгейде екені анықталды. Білім сапасы сыни деңгейде.

Басқарушылық қызметтің негізгі міндеті әкімшілік тарапынан мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарының орындалуына бақылау жасау болып табылады. Бақылау мектеп жұмысының жоспары негізінде жүзеге асырылады. Бақылау қорытындылары бойынша аналитикалық материалдар құрылды. Мектепшілік бақылау қорытындылары талданып, әкімшілік кеңестерде, директормен өткен кеңестерде талқыланды. Қолда бар материалдар анализі оқушылардың оқу мүмкіндіктері туралы білуге мүмкіндік береді, психологтардың зерттеулері көмегімен барлық пән мұғалімдері өткізетін оқу үлгерімі төмен оқушылармен жеке түзету жұмыстарын мақсатты түрде өткізуге мүмкіндік береді.

Білім сапасын және тәрбиелік деңгейін арттыру үшін оқыту түрлері мен әдістерін қатаң түрде сақтау қажет, сондай-ақ, оқушыға қойылатын талаптар да сақталуы тиіс.

2025-2026 оқу жылында білім сапасын жоғарылату, білімдегі олқылықтарды толықтыру жұмыстары мектепшілік бақылауға алынады.

Оқыту үлгерімі мен сапа нәтижелері үш жылдың салыстырмасы

Оқу жылы	үлгерім	Оқыту сапасы
2023-2024	100 %	60,7%
2024-2025	100 %	59,8%
2025-2026	100%	60,7%

Білім және үлгерім сапасы

Буын	I тоқсан 2025- 2026	II тоқсан 2025- 2026	III тоқсан 2025- 2026	IV тоқсан 2025- 2026	жылдық 2025- 2026	динамика
2-4	62,7%	61%	61%	60,3%	61,4%	-1,3
5-9	53,3%	55,4%	59,2%	57,5%	59,8%	+6,5
10-11	59,4%	59,1%	62,7%	61,3%	62,7%	+3,3
Мектеп бойынша	57,1%	57,7%	60,2%	59%	60,7%	+3,6

Мектеп түлектері жыл сайын Қазақстан және алыс – жақын шет елдердің ЖОО түсіп, «Алтын белгі» мен үздік аттестат иегерлері атанып, өз білімдерін растап келеді.

«Алтын белгі» мен үздік аттестат иегерлерінің саны

Оқу жылы	Барлық түлектер	«Алтын Белгі»	Үздік аттестат
2020-2021	71	2 (2,8%)	2 (2,8%)
2021-2022	80	4 (5%)	3 (3,75%)
2022-2023	75	2(2,6%)	1(1,3%)
2023-2024	62	2 (3,2%)	-
2024-2025	68	1 (1,4%)	2 (2,9%)
2025-2026	74	3 (4%)	1 (1,3%)

Үздіктер саны

2025- 2026 I тоқсан	2025-2026 II тоқсан	2025-2026 III тоқсан	2025-2026 IV тоқсан	2025-2026 жыл	динамика
83	86	91	86	96	+13

Тоқсан көрсеткіштерімен салыстырғанда үздіктер саны оқу жылының қорытындысы бойынша **13** оқушыға артқан.

Екпінділер саны

2025-2026 I тоқсан	2025-2026 II тоқсан	2025- 2026 III тоқсан	2025- 2026 IV тоқсан	2025-2026 жылдық	динамика
543	543	566	558	568	+25

I тоқсан көрсеткіштерімен салыстырғанда екпінділер саны оқу жылының қорытындысы бойынша **25** оқушыға артқан.

5-6 сынып оқушылары арасындағы республикалық пәндік олимпиаданың қалалық кезеңі

№	Оқушының аты- жөні	Пәні	Сыныбы	Пән мұғалімнің аты-жөні	Жүлделі орны
1	Бигожина Жанель Бахтияровна	Ағылшын тілі	6 А	Карабаева Кунсулу Ерназаровна	ІІІ
2	Есентай Әлнұр Дулатұлы	Орыс тілі мен әдебиеті	6 Ә	Сарбаева Айнаш Жасаскеровна	І
3	Асылзат Инабат	Жаратылы стану	6 А	Борамбай Мадияр Ғаниұлы	ІІІ

5-6 сынып оқушылары арасындағы республикалық пәндік олимпиадаға 12 оқушы қатысып, жүлделі орындар саны 3. Бұл қатысушылардың жалпы санының 25 % құрады.

7-8 сынып оқушылары арасындағы республикалық пәндік олимпиаданың қалалық кезеңі

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Пән мұғалімнің аты-жөні	Жүлделі орын
1	Серікбай Айару	Биология	7 А	Амренова Гульмира Муратбековна	ІІІ
2	Сабыржанова Аққу	Орыс тілі	7 А	Калиева Сауле Ануаровна	ІІ
